

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 190 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қыркүйектегі N 390 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қазанда N 10-7-79 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы N 1/1-1/2588 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012.12.12 N 1/1-1/2588 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 1392 санды қатынас-хатына сәйкес аудан әкімдігі **Қаулы етеді:**

1. Жаңақорған аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Жұматов Оразалы Жұматұлының қызметінен босап, Қазақстан Республикасы Министрінің бірінші орынбасары-штабтар бастықтары комитеті төрағасының 27 тамыз 2009 жылғы N 088 бұйрығымен Жаңақорған аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы болып Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы тағайындалуына байланысты, аудан әкімдігінің 2009 жылғы 06 сәуірдегі "Азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 190 қаулысымен (мемлекеттік тіркеу тізілімі N 10-7-70. 10.04.2009 жыл, "Жаңақорған тынысы" газетінің 18 сәуір 2009 жылғы N 31 санында жарияланған) бекітілген аудандық шақыру комиссиясының төрағалығынан Жұматов Оразалы Жұматұлы босатылып, комиссия төрағасы болып Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы (келісімі бойынша) **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Б. Еламанов

" К е л і с і л д і "

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі

бөлім бастығы Әлімбетов Сабырхан
Қалиханұлы _____ 23.09.2009 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК